

Білім беру саласы: «Кешенді» («Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»)

Бөлімі – таңдау пәні (вариативтік)

Тақырыбы: Музыка аспаптары: Қобыз

Ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты:

- қобыз – ішекті аспап екенін еске түсіреді;
- үш тілдегі ұқсастықты, дыбыстық ерекшелікті біледі;
- өткен музыка аспаптардың қайсысына ұқсас екендігін анықтайды;
- домбырадан ерекшелігін табады;
- қобызда салынған оюдың қандай түрге жататынын анықтайды, тапсырманы орындайды;
- салыстырады, бағалайды.

Пәнаралық байланыс:

танымдық (*жаратылыстану, математика*)
шығармашылық (*музыка*)
коммуникациялық (*сөйлеуді дамыту: қазақ, орыс, ағылшын тілдер*)
әлеумет (*қоршаған ортамен таныстыру*)

Білім алушы игеретін білік-дағды:

- ішекті аспапты ажыратады;
- тілдегі ұқсастық пен айырмашылықты біледі;
- ішекті аспаптардың ұқсастығын анықтайды;
- ерекшелікті табу білігін, игереді;
- ою түріне қарап нені бейнелейтіндігін ажыратады, тапсырманы орындау білігі қалыптасады;
- салыстырады, бағалайды.

ҰОҚ-ның ЖОСПАРЫ¹:

1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс) (5 мин.)
2. Тапсырма орындау (топтық және өздік жұмыс) (3 мин. топтық, 3+3+8+4 мин. өздік)
3. Қорытынды рефлексия (жұптық және жеке жұмыс) (4 мин. жұптық)

1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс)



¹ Ескерту: ҰОҚ - ұйымдастырылған оқу қызметі мектеп жағдайда сабақ болып ауыстырылады.

Топқа сурақ:

Дидактикалық ойын «Бұл не?». (суреттермен жұмыс)



Домбыра

Жетіген

Қобыз

Барлығы қандай аспаптарға жатады _____
(коммуникациялық дағды қалыптасады)

**МУЗЫКА АСПАПТАР – ҚОБЫЗ
(кітапшамен жұмыс)**

1. Полилингвалдық компонент: үш тілде айтамыз, қайталаймыз (коммуникациялық дағды қалыптастыру)

2. Кітаптағы буынға бөлініп жазылған аспап атауы: қанша буынан, қанша әріп, қанша дыбыстан тұратынын айтамыз, санды жазамыз, дыбыстық талдау жасаймыз (танымдық дағды).


3. Құрылысындағы бөліктер:

Өздік жұмыс

	<i>Домбыра</i>	<i>Қобыз</i>
Құлағы		
Шегі		
Мойны		
Тиегі		
Шанағы		

4. Домбырадан қобыздың ерекшелігі:
Бетінде қақпағы жоқ.
Қорытынды: дыбыс шығарғыш ойығы жоқ.

5. Қобыздағы ою қандай түрге жатады. _____



6. Салыстыру.



Тапсырманың орындалу деңгейіне қарай бояймыз.